



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №30 (9584) 26 шілде 2024 ж.

Жайдарман



ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ ЖАСАЛУДА

Халқымыз байырғы заманнан жан мен тәннің саулығын басты орынға қойған. Сол себепті «бірінші байлық – денсаулық» деген. Халықтың денсаулығы – еліміздің белсенді дамуына, экономикасына, әсіресе әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал ететіні сөзсіз. Осы тұрғыда аймағымыз соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық жағынан көптеген жетістіктерге жетіп те жатыр.



Жуырда ауданның денсаулық сақтау саласына жаңа автокөліктер келді дегенді естіп өңірдің бас дәрігері Алтай Шұлғаубаевқа жолықтық. Алтай Кәмиұлының сөзінше барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген автокөліктер Черкасск, Лепсі, Қарабөгет ауылдарына және Сарқан қаласына берілді. Көліктер халықтың саны, орналасу ретіне қарай бөлінеді. Былтырғы жылы 3 автокөлік қолданысқа берілді. Осылайша денсаулық сақтау саласының автопаркi 85 пайызға жаңартылды. Белгіленген нормативке сай санитарлық автокөліктер әрбір 7-8 жыл сайын ауыстырылу керек. Ендігі алда тұрған басты міндет Екіаша, Бақалы, Алмалы ауылдарындағы автокөліктерді жаңасына

ауыстыру.

Алтай Кәмиұлы ауданның денсаулық сақтау саласына биылғы жылы 4 маман келгенін, оларды баспанамен қамту өзекті мәселеге айналғанын жеткізді. 1 дәрігердің тұратын үйі жоқ болғандықтан ауруханада тұрып жатқан көрінеді. Денсаулық сақтау саласына мамандар жетіспеушілігі сезіліп тұрғанда тұрақты баспанамен қамтылмаса кетіп те қалатынын айтты. Бас дәрігердің сөзінше «жас мамандар келіп жатыр, бірақ оларды үймен қамту өзекті әрі бас ауыртатын мәселеге айналғанын» қынжыла мәлімдеді.

Басқа ауылдармен қатар жаңа автокөлік алып, біртіндеп мәселесі шешіле бастаған Черкасск ауылдық дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі Сәлима

Өтеулинованы әңгімеге тарттық.

- Өте қуаныштымыз, Аллаға шексіз шүкір, жаңа автокөлік алып тұрмыз. Черкасск ауылдық округінде 5 ауыл бар, тұрғындардың саны 2840. Бұрын ескі көлігіміз болған. Жаңа көлікті бірінші рет алып тұрмыз. Қуанышымызда шек жоқ, ауданның бас дәрігеріне көп рақмет, дейді Сәлима Закарияқызы.

Денсаулық сақтау саласы үшін халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету – басты міндет. Сол басты міндеттерін ұмытпай, адам жанының арашасы болып жүрген ақ халатты абзал жандардың орны ерекше. Сол себепті де оларға жан-жақты қолдау жасала берсін деп тілейік.

САРҚАН АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Сарқан ауданы Көктерек ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 46-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және 113-11 бабының 1-тармағына сәйкес Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Смагулов Серик Курманович Көктерек ауылдық округінің әкімі болып тіркелсін.

2. Сайланған әкімге тиісті куәлік берілсін.

3. Сайланған әкімді тіркеу туралы хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Төраға
Хатшы

М.Естеуов
Ш.Нургалиева

ПОСТАНОВЛЕНИЯ САРКАНСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

О регистрации избранного акима Коктерекского сельского округа Сарканского района

В соответствии с подпунктом 9) статьи 14, статьей 45, подпунктом 2) пункта 3) статьи 46 и пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Сарканская районная территориальная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Зарегистрировать акимом Коктерекского сельского округа Смагулова Серик Курмановича.

2. Вручить избранному акиму соответствующее удостоверение.

3. Опубликовать в средствах массовой информации прилагаемое сообщение о регистрации избранного акима.

Председатель
Секретарь

М.Естеуов
Ш.Нургалиева

Тағылым

Кезінде қысқартуға ұшыраған Бөрлітөбе деген аудан болғанын кейінгі толқын білмегенімен аға буын ұмыта қойған жоқ. Жуырда Лепсі ауылдық Мәдениет үйінде ежелгі ауданның қызметкерлері араға 27 жыл салып жүздесіп, 90 жыл бұрын құрылған Бөрлітөбенің тарихын таразылап, алқалы жиын өткізді.

Бөрлітөбе белестері



Жиналғандар алдымен даңқты композитор Мұқан Төлебаев ескерткішіне, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің обелискісіне гүл шоқтарын қойды. Салтанатты жиынның бірінші бөлімі Бөрлітөбенің тарихы туралы ғылыми-теориялық конференциямен ашылып, жұртшылық Бөрлітөбе тарихына қатысты фотосуреттерге қызыға назар аударды.

Кең даламыздың бетін жазық мандайға түскен терең әжімдердей айқын-ұйқыш сызғылаған сан тарау жолдар біздің халқымыздың қым-қуыт тағдырына ұқсайды. Сонау есте жоқ ескі замандарды қоя тұрып, күні кешегі кеңестік кеңістікте Бөрлітөбе ауданы 1933 жылы құрылып, 1960 жылы тарады. Араға 12 жыл салып қайтадан іргетасы қаландыда ендігінаеңсе көтере бастаған тұста қысқартудың құрығына ілінді.

(Жалғасы 2-бетте).

Бөрлітөбе белестері

(Соңы. Басы 1-бетте).

Әрине, мұндай саяси қадамдар дауысқа салынбай-ақ жоғарыдан шешіледі. Дегенмен, ауданның өткені мен өткелінде аудан басшыларының, аудан жетекшілерінің, бас мамандарының, ауданның қарапайым еңбеккерлерінің сүбелі үлесі бар.

Біз осы конференцияда тарихымызды таразылап, өткен жылдарға естеліктер арқылы сапар шегеміз, — деп конференция модераторы Болат Молдабеков ортаға мемлекет және қоғам қайраткері, кезінде Орталық Комитетте жауапты қызметтер атқарған тоқсандағы абызымыз, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Әбіләкім Әубәкірұлын, 1972 жылы қайтадан құрылған Бөрлітөбе ауданының бірінші хатшысы болып, өнегелі ізі қалған Қали Әмірханұлы Нүкеновтың зайыбы, Нүкеновтар әулетінің алтын қазығы тоқсандағы Наушан анамызды шақырды.

Тарихи баяндаманы ұзақ жылдар осы ауданның идеологиясын басқарған Ақсу және Сарқан аудандарының Құрметті азаматы Орал Исанова жұртшылық назарына ұсынды.

Тарих-ұлы ұстаз. Ұлы ұстаздан дәріс алу мүмкіндігіне ие болып, өңірдің өткені мен өткелі жөніндегі баяндамадан соң жарыссөзге шыққан Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Асқат Қалиасқаров, кезінде ауданның оқу-ағарту саласын басқарған Мәншүк Баженова, Лепсінің ұзақ жылдар әкімі болған Сарқан ауданының Құрметті азаматы Кеңес Сердалинов өткен жылдар өнегесін өз сөздеріне арқау етті.

Келесі кезекте Қазақстан Жазушылар одағы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жомарт Ігіман жұртшылықты Бөрлітөбенің тағылым алар тасқа басылған тарихы болсын деген ізгі ниетпен жарық көрген «Бөрлітөбе белестері» атты тарихи — танымдық энциклопедияны таныстырды.

Алқалы жиын Лепсі ауылдық мәдениет үйі қызметкерлері дайындаған тақырыптық концертпен қорытындыланып, дүниеден озған марқұмдардың рухына арнап ас берілді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Автогрейдер ел игілігіне

Сарқан ауданы 2023 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша Жетісу облысының «Үздік аудан» номинациясына ие болғандығын жыл басында сүйіншілеп («Сарқан» газеті №1, 5 қаңтар, 2024 жыл) хабарлаған болатынбыз.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев арнайы жиында салтанатты жағдайда облыстық басқармалардың, қалалар мен аудандардың, құқық қорғау органдарының өкілдерімен, облыс әкімі аппаратының қызметкерлерімен, ардагерлермен және мәслихат депутаттарымен қорытынды кеңес өткізіп, жыл қорытындысы негізінде үздіктерді марапаттаған еді. Осылайша жыл қорытындысы бойынша Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып, жоғары нәтижелерге қол жеткізген ауданымызға табысталған автогрейдер жуырда өңірімізге жеткізіліп, автопаркімізді жаңалады. Арнайы техника бұдан былай ел игілігіне қызмет етпек.

Өз тілшіміз.



М.Тынышбаев - 145

Есімдері мәңгі есте

Қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысының Ешкіөлмес тауының маңайында, өз шөжіресінде Жылан Тау деп көрсеткен мекенде дүниеге келген.

Биыл Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына - 145 жыл толды. Осыған орай 19 шілде күні Черкасск ауылдық кітапханасында «Есімдері мәңгі есте» атты тарихи сағат өтті. Іс-шара барысында Черкасск ауылдық кітапхана қызметкері Самал Ахметжанова Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы толық мағлұмат беріп, кітапханада тақырыптық кітап көрмесі безендіріліп, көпшілік оқырман қауымға ұсынылды.

Сарқан ауданы тарихы музейінің қызметкері С. Ержанов Мұхамеджан Тынышбаевтың құжаттарымен және деректермен таныстырып өтті. Аудандық кітапхана әдіскері Айсулу Тлектесқызы өткен іс-шараны қорытындылап, осы тектес тағылымды іс-шаралар жалғасын таба беретіндігіне сенім білдірді.

Іс-шараға қатысушылар Бақалы ауылдық кітапхана қызметкері Сауле Тоқтасынқызы, С. Кадыров М.Тынышбаев жайлы шарамыздан алған әсер, ойларымен бөлісті. Іс-шара аясында ауылымыздың тұрғыны Жандарбек Ақжолов киелі домбыра үнімен ән шашып, күмбірлеген күйі көпшілік қауымға тартылды.

Соңында барлық қатысушылар Сарқан ауданы тарихы музейін тамашалап, алған әсерлерінен қолжазба қалдырып, естелік суретке түсті.

Самал АХМЕТЖАНОВА,
Черкасск ауылдық кітапхана қызметкері.

Берегите лес от пожара

Отправляясь на прогулку или в поход в лес, всегда необходимо быть предельно осторожным в обращении с огнём. Ежегодно от пожаров сгорает тысячи гектаров леса, гибнет множество животных и птиц, страдают и населённые пункты, ведь огонь может перекинуться куда угодно.

Лес - это не только скопление всевозможных пород деревьев, в первую очередь это дом для множества живых существ, обитающих в нём. Это целый мир, со своими правилами и обитателями. Также, наличие лесов на нашей планете, это гарантия наличия свежего воздуха, которым дышат все мы. Природа прекрасна, она дарит красоту и жизнь, а по вине человека происходят всяческие её разрушения и уничтожение всего, что она даёт. От случайно брошенной спички или непотушенного костра, может случиться большая беда и выгореть целый лес. Хватает всего нескольких минут, чтобы пламя охватило до сотни квадратных метров. Угольки, разнесённые ветром, моментально поджигают сухой мох и траву, огонь беспощадно уничтожает на своём пути и молодые и вековые деревья. На пострадавших от пожара местах, ещё долго ничего не будет расти, уйдут все животные, улетят птицы и останется лишь тихая выжженная пустошь.

Пострадавший лес, восстановить полностью новыми посадками не выйдет, деревья растут очень медленно и еще долгие годы человечество будет наблюдать разруху и печальную пустоту, бывшего, когда-то могучим и прекрасным сгоревшим лесом.

Лес даёт нам очень многое - это целебный чистый воздух, грибы и ягоды, да и просто свою природную гармонию и силу. Даёт успокоение и здоровье больным, ведь многие деревья обладают способностью делиться своей энергией с нами, стоит обнять дерево и попросить его о помощи. Говорят, что это помогает многим людям чувствовать себя лучше. А мы это не ценим и с пренебрежением относимся ко всему окружающему нас.

Соблюдая элементарные правила безопасности в лесу, мы уберём не только лес, но и всех его обитателей и даже себя от множества катастроф. Просто нужно всегда тушить за собой костры, не курить в лесу, не разбрасывать мусор, просто быть внимательным и аккуратным. Это несложные правила, каждый может с ними справиться. Нужно уважать природу и оберегать её, она дала нам жизнь.

Н. НИЯЗОВ,
заместитель директора Лепсинского филиала РГУ Жонгар-Алатауский ГНПП.

Огонь — опасный враг леса

Лес — хранитель рек и озер, он защищает почву от водной и ветровой эрозии, положительно влияет на климат и урожай. В лесу обитают птицы и звери, растут ягоды, грибы и лекарственные травы. Но в наших условиях, в условиях густонаселенности, непрерывного роста, городов и увеличения автомобильного транспорта лес приобретает особую ценность, является постоянным поставщиком кислорода, гигантским фильтром, очищающим воздух от пыли, сажи и различных химических примесей, источником фитонцидов — летучих веществ. Лес играет незаменимую оздоровительную и эстетическую роль, служит местом отдыха трудящихся. Следует постоянно помнить об одной особенности леса: он крайне медленно растёт. Возраст спелости для сосны составляет 80 — 100 лет, дуба — 100 — 120 лет. Вот почему мы обязаны беречь каждое деревце, каждый кустик!

Сухая погода и человеческий фактор часто является причиной по-

жаров. Случайно брошенная в лесу спичка может привести к плачевным последствиям — выгоранию многих гектаров леса, гибели животных и людей. Особенно опасны в пожарном отношении сосновые молодняки, где возможны верховые пожары, которые в сухую и ветреную погоду распространяются с большой скоростью и наносят народному хозяйству большие убытки.

Чтобы избежать этого, при нахождении в лесу необходимо быть предельно внимательным и осторожным с огнём. Нельзя бросать горящие спички, оставлять непотушенным костёр. Курить и разводить костры разрешается только в специально отведённых для этих целей местах. В сосновых же молодняках необходимо соблюдать такие же правила противопожарной безопасности, как и на автозаправочных станциях. При возникновении лесного пожара — долг каждого гражданина немедленно приступить к его ликвидации, используя для этой цели ветки, песок. Если нет возможности ликвидировать пожар своими силами, необходимо сообщать

о нём в национальный парк, лесхоз, либо МЧС.

Призываем граждан неукоснительно соблюдать требования запрета и на период его действия отказаться от разведения костров на дачных участках и подворьях, а также в местах отдыха на природе. И тем более не выжигать сухую растительность!

На территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар-Алатауский» ГНПП ведется усиленная охрана природы. Государственные инспектора и инженеры ежедневно патрулируют обходы, проверяя пожарную безопасность, также ведется дежурство, среди населения, природопользователей сотрудниками проводятся беседы. Все это делается, для того, чтобы сохранить леса, потому лес — наше национальное достояние, сохранить его — долг каждого гражданина!

Руслан ГАМАУДИНОВ,
сотрудник Лепсинского филиала РГУ «Жонгар — Алатауский» ГНПП.



10,6 млрд тенге поступило

За 6 месяцев текущего года в Фонд социального медицинского страхования от жителей области поступило 10,6 млрд тенге. А общая сумма отчислений и взносов за обязательное социальное медицинское страхование за июнь составила 1,8 млрд тенге, сообщает филиал Фонда по области Жетісу. Сумма поступлений за июнь по республике составила 80 млрд тенге.

Как отмечает директор филиала Фонда Иван Самойленко, в июне 1,3 млрд тенге приходится на отчисления и более 830 млн. тенге на взносы. Самостоятельные платёжники региона внесли взносы за ОСМС на общую сумму 35,5 млн.тенге. А от индивидуальных предпринимателей и лиц, занятых частной практикой в Фонд поступило около 108 млн.тенге.

Напомним, что все поступившие за ОСМС средства хранятся в Национальном банке, с которым заключен договор доверительного управления, и в последующем будут направлены на оплату услуг, оказываемых в рамках ОСМС.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального медицинского страхования».



Кодекске өзгерістер енгізілді

Соңғы жылдары халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы субъектілердің қызметін бақылау мен қадағалауға қатысты бірқатар шешім қабылданды. Мемлекет басшысы ҚР Денсаулық сақтау Кодексіндегі өзгерістерге 8 маусымда қол қойды. Бұл туралы Жетісу облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз-мәслихатында Жетісу облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Самат Ахметов мәлімдеді.

«Заңда бизнестің, оның ішінде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметін реттейтін қолданыстағы Кодекстер мен Заңдарға өзгерістер енгізілді. Қазіргі уақытта тергеп-тексеру жүргізу тәртібі Үкіметте келісілуде, бақылау сатып алуды жүргізу тәртібі, сондай-ақ тексеру парақтарында көзделген жедел ден қою шараларын қабылдау тәртібі күшіне енді. 2024 жылдың 2 жартыжылдығынан бастап жедел ден қою шараларын қолдану, тергеп-тексеру жүргізу, өнімді бақылау және мемлекеттік тіркеуге жататын өнімдерінің жарнамасын бақылау тәртібіне жаңа талаптарды қабылдау жаңалық болды», - деп түсіндірді спикер.

Бақылау мен қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада, өнімді бақылау мақсатында сатып алу, тергеп-тексеру нәтижелері туралы актілерде, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарда көзделген мерзімдер өткенге дейін бұзушылықтарды жою фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса бере отырып анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Қарақұрттан сақтаныңыздар

Қарақұрт – улы қара өрмекші. Пішімі шағын, түсі қара, денесінен қызыл дақтарды көруге болады. Ұрғашы қарақұрт еркегіне қарағанда улы болып келеді. Ұрғашы қарақұрт түйеңіз бен жылқыңыздың өзін сеспей қатырады.

Қарақұрт шаққан адамның 10-15 минут өткен соң іші мен кеуде тұсы ауырып, аяқтарының жаны кетіп, тырысып қалады. Терісінде қызыл дақтар пайда болып, басы айналады. Оған дер кезінде жедел жәрдем көрсетілмесе, ересек адам 7, ал, балалар 5 күннен кейін өліп кетуі мүмкін.

Бұл жәндік әсіресе, жаз айларында белсенді болады. Күннің ыстықтығы оларға қосымша қуат береді. Табиғат аясына серуенге шыққанда қауіпсіздік үшін киетін киімге де мән берген жөн. Жеңі ұзын киім мен аяқ киімнің де жабық түрін таңдаған дұрыс.

Ертеректе жайлауға шыққан ата-бабаларымыз ол жерге ең алдымен қойларын жайып алған. Өйткені, қарақұрт қойдың иісі шыққан жерге мүлде жоламайды. Үйді де қойдың жүнінен жасалған арқанмен қоршап қоятын болған. Осы тәсілді табиғат аясына демалушылар қолданса әбден болады.

Дәрігерлердің айтуынша, қарақұрт шағып алса, ауруды басатын дәрі және көп мөлшерде су ішу керек. Сонда ғана ағзадағы у табиғи жолмен шығады. Қарақұрт шаққан жерді спиртпен сүртіп, залалсыздандырып дұрыс. Қарақұрт шаққан адамды міндетті түрде жақын маңдағы аурухананың токсикология бөліміне жеткізу керек. Мүмкіндігінше уақыт өткізіп алмаған жөн.

Г.ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы.

Жұмысынан айырылған қазақстандық әлеуметтік төлемгі қалай алады

Еңбек министрлігінің мәліметінше, қазақстандықтар МӘСҚ өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер алады.

Жұмыстан босатылған қызметкер төлем алуы үшін: eGov.kz порталда авторизациялау қажет; "жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту" бөлімінде "жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" қызметін таңдау; барлық жолдарды толтырып, онлайн қызметке тапсырыс беру және өтінімді ЭЦҚ-ға қол қою арқылы жіберу; бір күн ішінде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы бос жұмыс орындарын ұсынады; егер жұмыс табылмаса, 3 күн ішінде қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі.

Бұл қызметті онлайн режимде электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады.



Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейік!

Сыбайлас жемқорлық - бұл мемлекеттік қызметшілердің немесе оларға теңестірілген адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүлкітік (мүлкітік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болуда, үлкен әлеуметтік қасірет- ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдік деңгейдегі елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі қажет.

Барлық мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеулері тиіс.



Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыттарының бірі – оның алдын алу, яғни оның себептері мен шарттарына ықпал жасау болуы керектігін ескерген жөн. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ҚР АШМ ВБЖҚ Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының қызметкерлері арасында арнайы шара қабылданған, алдын алуда да ықтимал себептерін анықтау басты жұмыстың бірі. Аудандағы жануар және жануарлардан алынатын өнімдерді дайындау, өткізумен айналысатын жеке кәсіпкерлермен, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер және де сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру жолдары айқындалған

кеңейтілген дөңгелек үстел өткізіліп, тиісті шешімдер қабылданып, туындаған өзекті мәселер төңірегіндегі сұрақтарға ҚР АШМ ВБЖҚ Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының мамандары толықтай жауап берді.

Аудан тұрғындарын басшының тікелей қабылдау кестесі көрсетілетін, ұдайы халықпен кездесу жүргізілуде, басқадай аудан тұрғындарын алаңдататын сұрақтар талқыланады. «Ашық есік» күндерін өткізу де қолға алынған, онда көтерілген сұрақтарға аудандық аумақтық инспекция мамандары тарапынан толықтай жауап беріледі.

Сонымен қатар, ҚРАШМ ВБЖҚ Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының тарапынан сапалы, уақытылы мемлекеттік қызмет көрсету біздің негізгі міндетіміз. Осы орайда инспекция тарапынан көрсетілетін қызмет түрлерін көрсете кетуді жөн көрдік. Олар:

1) Ветеринариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру;

2) Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге

ветеринариялық сертификат беру;

3) Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлығы электронды форматқа көшірілген, олар бекітілген стандартқа сай болуы және уақытында қызмет көрсету барысы ұдайы қадағалануда.

Мекемеіміздің арнайы әлеуметтік парақшасы ашылған, онда ветеринария саласындағы атқарылған жұмыстар барысы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрайық» атты видеоролик және «сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты фотолар, суреттер т.б іс – шаралар жарияланып отырады.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы болып саналады. Әрбір лауазым иесі өзінің жан дүниесін ұдайы таза ұстап, қызметтік міндеттерін адал атқаруға дағдылануы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

А.ТОЛЕГЕНОВ,
ҚР АШМ ВБЖҚ Сарқан аудандық
аумақтық инспекциясының бас маманы,
мемлекеттік ветеринариялық
санитариялық инспекторы.

Қоңырбайұлы Көтен тәуіп - 1709 жылы туылып, 1810 жылы 101 жасында Жетісудың Лепсі өзенінің сағасында дүниеден өткен. Бабамыз Сырдарияның оң жағалауында аттың жалы, түйенің қомында Қалмақтың қалың қолымен шайқас үстінде, майдан алаңында дүниеге келіпті. Қоршауда қалмас үшін аяғы ауыр жас келіншекті айла тауып, буаз биенің үстіне отырғызып қоя береді. Сол буаз бие ұрыс даласынан аман алып шығады.

Бие де құлындап, келіншек те аман - есен босаған екен. Әкесі ерекше жаратылған баланың есімін көз тимесін деген ырыммен Көтентай деп қойған екен. Қазақтар кейінгі кезге дейін балаға көз тимеуі үшін Көтен, Көті бар, Ақкөт, Байкөт, Итемген, Шылғау деген аттарды жиі қолданған. Көтентай деген есім де бар екенін білеміз. Көтентайдың тілі ерте шығыпты. Бір күні «Әке, мен сенің «Алдияр» деген ұраныңды анамның құрсағында жатып естігенмін», - депті. Бұл сөзді естігенде біреулер сүйсініп, біреулер күйініпті. Дегенмен, бесіктен белі шықпай жатып сайраған баладан жұрт секем алып қалады. Сонда әкесі «жас бала нені біледі дейсің», - деген екен. Бірақ, іштей ата - бабамыздан көріпкелдік үзілмеп еді, тірі болса осы балам ел кәдесіне жарар депті. Расында, бала жыл санап емес, ай санап өседі. Есею, пайымдау жағынан өз құрдастарынан оқ бойы озық тұрады. Жеті жасында қолына домбыра ұстап, қобыз тарта бастайды. Өн шырқайды, өн - күй шығарады. Халық ертегілері мен дастандарын жатқа айтады. Он үш жасында ұсталықты өнер санайды. Темірден түйін түйеді. Тәуіп бабамыз жас шағында қой бағып жүріп, түс мезгілінде мызғып кетіпті. «Балам, батысқа қарай жүрсең, бір топ шеңгелге кезігесің. Шеңгелде бір кептер қонып отыр. Оны үркітпей ұстап ал да, халыққа қызмет қыл. Бірақ тек игілігіне қызмет ет», - депті. Ол ояна салып батысқа қарай бет алса, шынында да шеңгелде кептер отыр екен. Пыр етіп жетіп қалған кептерді ұстап алса, ол ұсталық болып қолында қалыпты. Содан бастап Көтен тәуіп бабаға әулиелік қоныпты. «Тәуіп бабамыз аян алып, басынан бес кептер айналып ұшып жүріпті. Оның біріншісін ұстап кенші, екіншісін ұстап ұста, үшіншісін ұстап ақын, төртіншісін ұстап сазгер, бесіншісін ұстап тәуіп болыпты» деп қариялар айтып отырушы еді.

Қабанбай батырдың туын ұстап, «Алла жар болсын» деген Өнұранын шығарады. Ұшқан құс, жүгірген аңның жүрісін, мінез - құлқын ұғып, табиғат құбылысына қарап келер күннің тіршілігін болжайды. Жүз түрлі шөптің емдік қасиетін ажыратып, майданнан шыққан жаралы сарбаздардың жарасын емдейді.

Өзінен мүшел жас үлкен батыр ағасы Қабанбайға аса жеңіл, қимылға ыңғайлы, оққағар сауыт жасап беріпті деген аңыз - әңгімелер бар. Қабекең: «Сен менің соңғы шебімді басқарасың. Жаралыға жан сал, бала - шағаға бас бол. Майданның ертеңгі болатын барысын болжа. Найза мен жебені ұшта. Сарбаздарға сауыт соқ» деп жас тәуіпті майдан алаңына шығармайды екен.

Баба қылыштарды қайрағанда жалаңаштанып алады дейді. Сол үшін де Абылай хан оны «Жалаңаш әулие» деген екен.

1729 жылы 20 жасында Қанжығалы Бөгенбай батырды емдейді. Абылай хан бастаған қазақ батырлары жоңғармен шешуші айқасқа дайындалып жатқан кез. Бөгенбай батыр жылқы құмар адам болса керек. Жылқылардың ішінен бір қара қасқа дөнен жігіттерге ұстатпай лақтырған шалмаға түссе де жігіттерді атымен қоса сүйрей ала жөнеледі. Мұны байқап тұрған Бөгенбай батыр «нағыз киесі бар торпаң екен» дейді. Өзінің мініп жүрген айғырымен қуып жүріп, құйрығынан ұстап, тақымға басып, жігіттерге жүген салды-



рыпты. Бұған да көнбеген қара дөнен жерге жығылып, ешкімге дес бермей, шынғырып жерге жатып алады. Бөгенбай батыр қара дөненді үйретпекші болады. Оны көріп тұрған ақсақалдар: «Бөгенбай мына бөлеге мінбе мәртігесің», - дейді. Сонда ешкімнің сөзін елемеген Бөгенбай батыр атқа ертоқымсыз мініпті. Мөңкіп зуылдаған қара дөнен үлкен тастан секіреді. Бөгенбай батыр тасқа соғылып құлайды. Сол жатқаннан бірнеше тәулік бойы сал болып қалады. Бұл жағдайды көрген Абылай хан Қабанбай батырға тез арада тәуіптерді жинап, Бөгенбай батырды емдеуін сұрайды.

Тәуіптердің ешқайсысы емдей алмаған екен. Сонда біреу осы маңда Көтен тәуіп деген жас емші барын айтыпты. Абылай хан «Сол тәуіпті алып келіңдер, келмесе басын алып келіңдер» деп жаушыларға бұйыра сөйлеген екен. Айтқандай жолды торып тосып жүрген бабамызға жаушылар жағдайды түсіндірмек болғанда баба: «Білемін, батырдың жығылғанын, аққу - қаздар ұшып бара жатып, хабар берді» дейді.

Батырды қараған тәуіп үйретпек болған қара дөненді тауып әкеліп, осы жерге байлаңдар десе, «Бөгенбай батырға көнбеген асау бізге көнбейді» депті. Көтен тәуіп баба жаяу барып, қара дөненді алып келіп, батырдың қасына байлайды. Батыр қара дөнен қасына келгеннен кейін ұйықтап кетіп, ет пісірім уақыттан кейін орнынан тұрып, сәйгүліктің жалынан сипап, кешірім сұраған екен. Бұны байқап тұрған Абылай хан тәуіп бабамыздан жөн сұраса, «киелі жылқы екен, киесі ата жаздапты батырды. Енді екеуі ажырай қоймас» депті. Сол сәйгүлікпен Бөгенбай батыр 7 рет жекпе - жекте жеңген екен.

Көтен тәуіп бабамыз халық арасында бірнеше есіммен танылған. Найманның Садыр руының таңбасы дөңгелек көз болған. Бабаларымыздың бір көзді таңбасын, мойнынан тастамай тағып жүргендіктен бабамызды «жалғыз көзді әулие» - дейді екен.

Темірден түйін түйген асқан шебер, зергер, ақындығы да бар сазгер қобызбен ойнап, талай күй, әндер шығарған. Көп құстың, жыланнның, жәндіктердің тілін білген «сегіз қырлы, бір сырлы» жан екен. Жалаңаштанып алып ұсталықпен айналысқандықтан «Жалаңаш әулие» деп те атаған. Әйел қауымы, жеңгелері атын атамай, «Өрістік әулие» деген екен. Жоңғармен соғыста қол үстінде жүргенде замандастары, тұрғыластары «Көтен әулие» деген көрінеді. Осылай бірнеше есіммен танылған көріпкел, әулие бабамыз туралы халық арасында аңыздар да, деректі әңгімелер де көп тараған. Өз әкесі Қоңырбай Сырдарияның оң жағасында мекен етіп, Сыр бойында өмір сүріп, сол жерде дүниеден өткен. Қоңырбай ба-

бамыздан үш бала тарайды. Ең үлкені - Түгелбай, ортаншысы Күшман, кенжесі Көтен.

Шежіреде Найман, Белгібай, Төлегетай, Қытай, Садыр, Тон, Шәржетім, одан Бодана, одан Есперлі, одан Шыбық, одан Аққулы, Балтай. Балтайдан төрт бала тарайды. Олар: Дәулетбай, Нұрбай, Қойсары, Қоңырбай. Балтайдан тараған Қоңырбай әулеті өніп - өскендігі сондай көптігінен «қабырға жетпес, қара Балтай» атапты.

Қоңырбай баба әулетін нақты таратып айтар болсақ мынандай:

Бірінші баласы Түгелден: Ердене (ақылды, бай болған), Мөндене, Ақша, Сарбас.

1. Ерденеден: Қуаныш, Қуандық. Қуандықтан: Бейсенбек, Ырысбек. Қуаныштан: Білісбай, Айт, Тынысбай, Бейсенбі.

Білісбайдан: Әбділдә, Есболған. Айттан: Иманхасен, Есімхан, Төлеухан.

Есімханнан: Серікхан, Даулетхан, Берікхан, Қуат.

Төлеуханнан: Қастай, Қайрат. 2. Мөнденеден: Лепсібай, Шүршітай, Шұлғау, Ұлтарак, Әлібек.

Лепсібайдан: Жұмали, Жұмабек. Жұмалидан: Өтай, Мелс. Шүршітайдан: Бейсене, Жақып. Бейсенеден: Дүйсенбай. Шұлғаудан: Нүкен.

Нүкеннен: Тәңірберген, Дәндібай. Тәңірбергеннен: Алмас. Дәндібайдан: Манас, Тарас. Ұлтарактан: Сәрсенбай. Сәрсенбайдан: Құдаш. Құдаштан: Есмұра. Әлібектен: Төлеу, Иманбала, Құрман, Мұқади.

3. Ақшадан: Байтөлеу, Нұртілеу, Сембай, Жексенбай.

Нұртілеуден: Мамырбай, Сайын. 4. Сарбастан: Таласбай, Тінібай, Белгібай.

Таласбайдан: Қожахмет. Екінші баласы Күшіман: (қас батыр болған).

1. Бәке: Жақсылық, Қалибек, Расбек, Сұлтан, Серік, Камал.

Қалибектен: Әбеу, Қожахмет, Исатай, Төкетай.

2. Төрісбек: Бабағұмар, Нұрғожа.

3. Бостан: Төрекеді, Смағұл. Үшінші баласы Көтен тәуіп бабамыз екі әйел алған.

Бәйбішесі - Тоқбике, тоқалы - Дариға. Бәйбішесі Тоқбикеден: Қанкөбен, Тілеміс, Құрманбай Нұртөлеу, Жанатбек, Жәкетай, Жүрек.

1) Қанкөбеннен: Дүрегей, Шүрегей, Бекбай, Тілеміс, Елеусін.

Шүрегейден: Жұмабек, Бейсенбек, Алашбек, Кішкенебек.

Бекбайдан: Бекбосын, Зүпін, Қауан.

Тілемістен: Ықсан, Тұлымнақ,

Қажыбай.

Елеусіннен: Нұрғали, Мұқай.

1. Таласбай, 2. Бөке, 3. Шегір, 4. Шегірбай, 5. Молдағали, 6. Сіребай.

2. Мамаштан: Игісін, Беріш, Бейсенбай.

1) Игісіннен: Тұқымет, Ахмет. Ахметтен: Мәлік, Бауыржан.

2) Беріштен: Иманқұл, Жұмағұл. Жұмағұлдан: Солтанқұл, Қазі.

Солтанқұлдан: Есет. Қазидан: Түгелбай.

3) Бейсенбайдан: Сатыбалды. 3. Сейіттен: Байжұман. Байжұманнан:

1) Сүлеймен 6 жасар бала әулие. 2) Нури. Нуриден: Қалибек.

Қалибектен: Иманбек, Асылхан, Өшімхан, Өлімхан.

Қосшыдан: 1) Шоқы. 2) Кегенбай. 3) Жанмырза.

Шоқыдан: Байболат, Есболат. Байболаттан: Смағұл, Мұхамеди.

Смағұлдан: Алданбек. Мұхамадиден: Шакен, Баймұхан, Би-

ахмет.

Кегенбайдан: Орысбай, Бобке. Орысбайдан: Хасен, Балабатыр.

Балабатырдан: Ахметжан, Санат. Жаймырзадан: Керімбек, Әбіжан.

Әбіжаннан: Жамбыл, Жеңіс. Жеңістен: Санжар. Көтен тәуіп

бабамыздың Дариға есімді тоқалынан туылған.

Баласы Самардан: 1) Жиенбай. 2) Тауша

Жиенбайдан: Атақозы, Мұсабек. Мұсабектен: Серік, Берік, Кенжебек.

Таушадан: Садуақас, Сарбатыр, Ер-

мек.

Болат Тақаров («Тәуіп» 38-бет.) Қанкөбен бабамыздан ұрпақ қалмаған деп жазылады. Алайда мендегі шежіреде жазылғандай, Қанкөбен бабамыздың ұрпақтары өте көп болған, қазірде бар.

Көтен тәуіп бабамыздың жан - жары Тәпей деп көрсетілген. Алайда, бабамыздың жан - жарының аты Тоқбике және тоқалының есімі Дариға. Дариға апамыздан Самар деген ұл дүниеге келген. Самар бабамыздан да ұрпақтар өніп - өскен.

Көтен тәуіп бабамыз «сегіз қырлы, бір сырлы» адам болған деседі. Оның әншілігі мен сазгерлігі бөлек әңгіме. Шетел қазақтары Көтен тәуіп бабамыздың ән - күйлерін әлі күнге дейін айтып жүр. Әсіресе, Қытай мен Моңғолияда көп таралған.

Қағазбек ҚОЙШЫБАЕВ,
зейнеткер - ұстаз.

Қос ғашық

Көтен тәуіп бабамыздың «Қос ғашық» атты әні болған. Әннің шығу тарихына үңілер болсақ, жоңғардың батыр жігіті мен сұлу қызы бір - біріне ғашық болып қалады. Әке - шешелері қызды бір бай мырзаға бермек болады. Қос ғашық әке - шешесіне бой бермей, қашып кетеді. Оларды тауып алған туған – туысқандары жоңғар салтымен аттың құйрығына байлап, сүйретіп, шала жансар күйінде өлдіге балап далаға тастап кетеді. Қазақтар екі жасты шала - жансар күйінде Көтен тәуіп бабамызға алып келеді.

Баба емдеп жазып, қазақша ат қойып, ислам дінін қабылдатып екеуін мұсылман салтымен некесін қидырып қосады. Жылдар жылжып өтеді, талай сулар ағады. Лепсінің арғы жағынан жорыққа кетіп бара жатқан жоңғар нояндары көрінеді. Ақбоз атқа мінген жоңғар батыры кетіп бара жатады. Ол ақбоз сәйгүлік жоңғар қызының құлын кезінен сүт беріп баққан құлыны еді. Сол кезде қыз бала сәйгүлігін шақыратын шегірткенің шырылын салады. Қыз бала ақбоз сәйгүлікті таныса, ақ боз ат қызды таниды. Үстіндегі батырды жығып, Лепсінің жағасында тұрған қос ғашыққа келген екен. Сол жерде жігіт пен қызды жоңғарлар атып өлтіреді. Қазақ жігіттері қос ғашыққа араша түсе алмайды.

Көтен тәуіп баба Лепсінің оң жағынан қос ғашыққа мазар тұрғызған екен. Сол қос ғашық моласына кейінге дейін ақ боз ат жайылған екен, деп Көктерек ауылынан келген қария әңгімесін аяқтады.

Қоңырбайдан үш ұл, үш қыз тарайды. Осы қыздардың ең кенжесі, тәуіптің қарындасы Балқия ержүрек, батыр қыз болыпты деседі. Бір жорықта қазіргі Балқаш көлінен салмен өтіп бара жатқанда дауыл көтеріліп, талай адам майып болыпты. Сол жолы ел - жұрт батыр Балқиядан да айырылып қалады. Ол кезде Балқаш, көлін «Көк теңіз» деген екен. Сол Балқияш анамыз қайтыс болғаннан кейін «Көк теңіз» көлі «Балқияш», «Балқаш» көлі деп аталып кеткен.

Құлағымда алтын сырға,
Күн көзінде балқиды-ау.
Күміс жүзді қара шашым
Су бетінде қалқиды-ау.
Ор қояндай орғытып ек,
Еспе, дөңес, жазықта.
Су түбіне кетіп барам,
Балықтарға азыққа.
Жауды көрсек жалықпадық,
Қағып өтіп озудан.
Су түбіне кетіп барам,
Аса алмай бір жазудан.
Ажал деген болмаған еді,
Үш ұйықтасам ойымда.
Бір топ жиде кетіп барады,
Гүлдей алмай бойымда.
Шешіп қойдым саптама етік,
Софияннан кебісті.
Біздей жанда болмас арман,
Көргеннен соң жеңісті.
Жұрт алдында өтедім бе,
Парызымды балалық?
Өтей алмай кетіп барам,
Қарызымды аналық.

Көтен - тәуіптің шәкірттері Мәмбетай Бөйдік молда, Боздақ Жиындының Айты, Матай, Мәкібай, Нүсіп бақсы, Мұстафа ұлы Қашарбай, Кенжебай Жәмәнтік, Бәтима, Жаңаталап, Разбек молда Мүсірепұлы Көтен тәуіп бабамызды пір тұтады. Бұлар оның рухани мұрагері болып табылады. Осы тұста мен көрген көріпкел, бақсы, тәуіп, Қашарбай және Кенжебай Жәмәнтік аталарды көзбен көрдік. Біздің үйде көріпкел, бақсы Қашарбай мен Жәмәнтік ата, Байтулақ атаммен жиі кездесіп, ет жеп, сорпа ішетін. Домбырада күйлер ойналып, аңыз - әңгімелер айтатын.

Қашарбай ата қараторы келген домалақ кісі болатын. Мұрты, шоқша сақалы бар, көзі өткір, сөзі де өткір, отырған кісілерге сөз бермейтін. Екі сөзінің бірінде «жау қатын» дейтін. Осыдан бір жыл бұрын Талдықорған

қаласындағы Мұхамеджан Тынышбаев атындағы музейге кірдім.

Музейді аралап жүрсем, Мұхамеджан атамның бір - екі суреті ғана ілулі тұр екен, баска ештеңесі жоқ.

Мен сол жердегі жұмыс істейтін аға ғ ы л ы м и қызметкер Райхан ханымға ж о л ы қ т ы м . Кезінде Райхан қ а р ы н д а с ы м біздің университетте аға оқытушы болып істегендіктен еркін сөйлесіп кеттік.

Мен Райханға «мына музей Мұхамеджан Тынышбаев атамның атында болғанымен ол кісіге қатысты музей ішінде бір - екі ғана сурет бар. Қалған дүниелердің бәрі бөтен. Неге атамның ұрпақтарының портретін ілмеске дедім. «Ілуге болады, бірақ ілетін адамның бір қасиеті болуы керек» деді. Мен бұрынғы Талдықорған облысы, Андреев ауданы Көлбай ауылында тұрған Мұхамеджан атамның туған қарындасы Айса Тынышбайқызының суретін (Қоңқақызы) неге ілмеске? Айса апамыздан туған Хамза Жүнісұлының портретін неге ілмеске? Ол кісі әнші, күйші, зергер, сақина, сырға жасайтын шебер. Қазір көзі тірі. 1937 жылы туған, Хамза ағаның домбырасын, суретін апарып, музейге өткіздім. Ағамен кездесіп, суретін, домбырасын алып жүргенімде аға маған «Мұратай, сен Көтен тәуіп бабамыз туралы әңгімелер жинап жүрсің ғой. Үйде Көтен тәуіп бабамыздың төсі бар. Сол төсті мен саған тарту етемін» деді. Мен «бұл төс сізде қайдан пайда болды?» деп сұрап едім, «мен бала кезімде 10 жасымда көтеріліп ауырып, үйден қашып кететінді шығардым. Бір ата мені отпен қуалайтын. Әкем Жүніс мені шылбырмен байлап, екінші ұшын өзінің қолына байлайды. Кейіннен мені әкем Көтен тәуіп бабамызға апарып түнетті. Сол жерде Мұстафа ұлы Қашарбай шырақшы бақсы бабамызға болған жағдайды баяндап береді. Ол кісі бізді ертіп алып, Қарабөгеттегі Алпысбай молдаға жолығып, ақылдасып Төңкеріс, Қарлығаш ауылына жол тарттық. Сол жерде бір қасиетті әжеміз Көтен тәуіптің төсін сақтайды екен. Әжемізге мені көрсетіп бір баба Хамзаны отпен қуалайды екен, зергерлік қасиет қонатын түрі бар, сіздегі төсті осы балаға берсеңіз деп қолқа салады Қашарбай ата. Әжеміз бұл сөзге азарда - безер қарсы болып, қасына жолатпайды. Кеш батып кеткендіктен сол үйге қондық. Таңертең шай ішіп болғаннан кейін әжеміз дәрет алыңдар, құран оқыңдар, түнде бабадан аян алдым, төсті балаға ұстат, батаңды бер, ендігі төстің иесі осы бала деп батасын беріп төсті сандықтан алып, ақ бұлға орап, менің қолыма ұстатты. Сол төсті алғаннан кейін мен ауруымнан жазылып, дүкен ашып зергерлік жолға түстім. Сақина, сырға, білезік соғатын ұсталық жолды таңдадым. Содан бері ол төс менде деді. Сол күні мен бір аян алдым, ауылдағы мектептің балалар әжетханасына түсіп кетіппін, қасымда балам бар. Әжетханадан басымыз ғана қылтияды, қасымызға Хамза аға келіп, қолында үлкен балға (кубалда) ескі екен деймін, екі жағы да көп ұрылған, майысқан, қасымызға келіп тұрды. Балғаны маған бермеді. Бір барғанымда маған өзі соққан шаруа балғасын сыйға тартты. Төсті бермеді. Ауырып жүрмін, төсті басыма жастап жүрмін деді де қойды.



Хамза, аға маған ренжіп қалған ғой шамасы. Мен өтірікші болдым - ау, домбырасын, суретін музейге ілемін деп сөз беріп едім, соған ренжіп жүр ғой деп ойлап, музей қызметкері Райханға айтсам, қазіргі музейдегі зат 5 жыл ілініп тұрады, содан кейін жөндеу жұмысы басталып біткеннен кейін ғана ілінеді деп қысқа жауап берді. Мен Хамза ағаның бұл сөзіне басында ренжіп қалдым, берем деген өзі және де еркек екі сөйлемейді деген еді.

Артынан ойланып көрсем, бұл киелі зат аян арқылы беріледі, онсыз бұл дүние саған жақса жақты, ал жақпаса ше, артында жанұяң бар, балаң бар, не де болса артын күтейік. Егер аян беріліп жатса онда сөз басқа. Егер аян берілмесе өкпем жоқ. Бұл төсті алған күннің өзінде бұл дүние халыққа қызмет ету керек.

Ауырған адамдардың әсіресе, көтеріліп, жынанып ауырғандардың басына жастап немесе суға салып, суын ішу керек дейді ақсақалдар. Дәлкеш ата салған қамыс мазардың қасында үлкен ағаш орнатылған. Ағаштың басында ақпен оралған Көтен тәуіп бабамыздың өзі ұстаған (төсі) ілініп тұрады екен. Шырақшы жоқ кезде Қарабөгетте мал дәрігері болып жұмыс істеген Ыбырай аға Қасымбек деген кісіге ілулі тұрған төсті шешіп алып береді. Осы төсті бұлар үйіне алып кетеді. Сол күйі үйіне келгеннен кейін Ыбырайдың немересі жындаынып, ауырып қалады. Ыбырай ата мен Қасымбек ауыл молдасы Алпысбай атаға келіп, болған жағдайды айтады. Алпысбай молда Көтен тәуіп бабаның төсін өз орнына апарып байлап, бір құрбандық шалып, кешірім сұра, сонда ғана балаң жазылып, өз үйіне қосылады дейді. Хамза аға төсті бермегеннен кейін сол төсті бір көрсем деп армандап жүрдім. Түнде ұйқым қашып, таң ата аян алдым. Көтен тәуіп бабамызға тәу ете барған екенбіз. Бір баба кесенесінен шығып, біз жаққа беттеді. Түрін көрдім. Аққұбаша келген үшкір мұрынды, домалақ жүзді, ақ сақалы ұзын, ақ мұрты салбыраған біздің ауылда тұрған бір апамызға ұқсады. Тәңертең тұрып бұрынғы Көтен тәуіп бабамыздың шырақшысы Санат бауырыма қоңырау шалып, болған жағдайды айтып едім, ол «бір жаңалық күтейік» деді. Сол күні балам Салауат «бір кісі сізге сурет жіберіпті» деді. Телефондағы суретті қарасам, Хамза ағамыздың баласы Қанат кіші төстің суретін салып жіберіпті. Ал мазардан шыққан кісі кім болды екен? Баба мазаратынан шықты ғой. Артынша мына төстің суреті келді. Әлде бұл кісі Көтен тәуіп бабамыз ба? Не де болса осы кітап біткенше күтейін, мүмкін тағы да аян берер. Жігіттермен, ақсақалдармен кеңесіп, ақыл сұрайық, егер баба аян бермесе осы көрген аянымдағы суретті жасаймын деп шештім.

Көтен тәуіп бабамыздың үлкен төсі Жеңіс ағамызда сақталған болатын. Кейіннен Жеңіс ағамыздан баба кесенесіне музей ашамыз деп, баба бұйымдарын жинаған болатын. Музей ашылмай қалды да, жинаған дүниелерін иелері алып кетті. Бабамыздың үлкен төсі қалып қойды, иесіне берілмеді. Бірінші ол төс Аяз молдада болды. Молда бауырымыз қайтыс болғаннан кейін төс шырақшы Дәулетке ауысты. Дәулет қайтыс болғаннан кейін төс Сейдахмет

ағаның үйінде сақталды. Арман бауырымызбен әкесі Сейдахмет аға да мезгілсіз өмірден өтті, Кейіннен осы кітап жазылып жатқанда Сейдахмет ағамен көп араластым, ақылын тыңдадым. Какима анамыздың шайын іштім.

Мен ол төс туралы жиі ойлайтын болдым. Сейдахмет аға мені «Мұратай бауырым» дейтін. Маусым айының бас кезінде Сейдахмет аға мен Арман бауырыма құран оқиян және де Сейдахмет ағаның ұстауға берген кітаптарын апарып берейін деп үйіне бардым. Сейдахмет ағаның бөлмесінде Какима апа, Айгүл қарындасым үшеуіміз көп әңгімелестік. Мен Какима апамызға сөз арасында «бабамыздың үлкен төсін баба мазарына апарып берсек, сіз қалай қарайсыз?» дедім. Какима апамыз да қасиетті кісі ғой. «Мен жуырда бір аян алдым. Баба төсі біздің үйде екінші қабатта сақталған еді. Ақ киінген ақсақал келіп, маған «Балам, төсті екінші қабаттан бірінші қабатқа түсір» деді. Менің түсінігім бойынша бұл төсті жолға дайында дегені ғой. Енді, міне, сен келіп отырсың. Мен бұл төс туралы көп ойландым. Жақында құдай тамақ берейін, сол тамақтан кейін шырақшы Талғатты шақырып, құтты орнына орналастырайық» деді. 3 - 4 күннен кейін Какима апайымыз маған хабарласып: «Біз жолға жиналып жатырмыз. Ертең сағат 9:00-да біздің үйге кел. Төсті Баба мазарына апарып беріп, батасын алайық» деді. Төсті апарып бергеннен кейін менің көзіме Хамза аға өзі жасаған балға елестей берді. «Бұл (балғаны Көтен тәуіп бабамыздың екінші кіші зергерлік төстен жасадым» деп еді ғой. Үлкен төс пен осы балғаны қоссақ жақсы болар ма еді. Мен балғаны алып Сейдахмет ағаның үйіне барып, Какима апамыздан бата алайын деп едім, ол кісі жол жүріп кетіпті. Үйінде Айгүл қарындасым мен Какима апайымыздың інісі Саят бар екен. Мен шай үстінде баба мазарына бара жатқанымды айтып едім, Саят бауырымыз: - Аға, Баба мазарынан төсті де көре салыңызшы. Ол төсті Талғат үйіне алып кетпесін және де ол төсті күнде болмаса да жеті сайын балғамен ұрып тұрсын» деді. Талғатқа айтыңыз бір балға тауып алсын. Бұл сөзді оралман бір ақсақал айтып еді» деді. Мен баба төсінен соғылған балғаны апарып беруге кетіп бара жатқанымды айттым. Сол күні халықтың көзінше Талғатқа балғаны ұстатып, төсті өз қолымызбен соқтық. Төстің даусы керемет шыңылдап шықты. Төстің таза жаңғырып, шыңылдағанын жақсылыққа баладық. Ішімнен бұл да аманат қой, аманатқа қиянат жасамас болар деп топшыладым.

Аруақтар айтатын көрінеді. Ей пенде, сен күнә жасасаң мен сені жанды жеріңнен ұстаймын деп, жанды жерің балаларың. Балалардың ауырып қалуы, апатқа ұшырауы, сәбилердің шетінеуі, қайтыс болуы, балалардың жолы болмауы өке - шешесінің күнәһарлығынан да ма деп ойлайсың. Көп пенделер жұма күні аруақтарға арнап құран оқытпайды, жеті шелпек пісірмейді, құрбандық шалмайды. Жұма күні ата - баба, әке - шеше қайтыс болған аруақтар құран дәметіп келіп тұрады екен. Сол шаңырақта аруақтарға арнап құран оқылса, ризығын төгіп кетеді екен, Құран оқылмаған шаңырақтан қырық күндік несібесі болмайтын көрінеді. Аруақтар ренжіп, Алланың үйі-мешіттен нәр алады екен. Кейбір пенделер аруаққа сенбейді, аруақ тірі екенін мойындамайды. Осы орайда бір мысал айтсам, бірде біздің үйдің сиыры өлді. Дәу сиыр болғандықтан әзер сүйретіп, бақшаның аяғына көміп тастадық. Кешкісін табыннан келе жатқан бүкіл көшенің сиырлары, бұқалары көшені басына көтеріп, жоқтау айтып, мөңіреп, біз көміп тастаған жерге келіп, алдыңғы екі аяқтарын бүгіп жатып алды. Біз қусақ кетпеді. Бұл 2 - 3 күнге созылғаннан кейін сиырдың қаңқасын тракторға тиеп, жоғарғы жаққа апарып көмдік. Бұл әңгімеден шығатын түйін, мал екеш мал да өлген аруағына тағзым етеді, тәу етеді, жоқтайды, іздейді.



Табират

Орман – баға жетпес байлығымыз

Қазақстан Республикасында барлық ормандар қорғауға және сақталуға жатады.

Орман табиғаты біздің баға жетпес құндылығымыз, оны қорғап, сақтап қалу бүкіл адам баласының парызы.

Оның адам өмірінде алар орны ерекше. Орман – жер шарының тынысы, тамақ пен шикізат қоры, ол – дәрі, денсаулық кепілі.

Орман – ол оттегі, ылғал мен азайып бара жатқан тұщы судың қайта қалпына келуіндегі кепілдігі. Орман ол әртүрлі жануарлар мен құстардың өмір сүру ортасы. Біз уайымсыз демала алатын екінші үйіміз.

Орманның алғашқы жауы өрт аса қауіпті.

Орман өрті қауіпі бар маусы-

мында, яғни күзгі толасыз жауын-шашынға немесе қар жауғанға дейінгі мерзімде мыналарға тыйым салынады. Мәселен, арнайы көрсетілмеген және белгіленбеген орындарда от жағуға, жанып тұрған шырпыны, темекі күлін тастауға және темекі тартатын трубкалардан ыстық шоқтарды қағып түсіруге, аң аулау кезінде тез немесе бықып жанатын материалдардан жасалған оқ тығындарын пайдалануға, орман алаңқайларында, алаңдарда, шалғындарда шөптерді жағуға және мемлекеттік орман қорының егістік далаларында және ормандарға іргелес жатқан учаскелерде алқаптарды өртеуге болмайды.

Жоғарыда айтылған негіздегі ережелер бұзылған жағдайда ата-

лып көрсетілген қаулыларға сәйкес акт, хаттама жасалып, жауапты тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын ескертеміз.

Табиғатқа зиян келтірмеу үшін Көкжиде орманшылығы қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерін атқаруда.

Өртті болдырмау, оның алдын алу, заң бұзушылықты болдырмау үшін орманшылар тынбай еңбек етуде.

Е. ТҰРСЫНТАЙҰЛЫ,
Берлітөбе ОШКММ-нің
Көкжиде орманшылығының №16
айналымының орман-күтушісі.

Выращивание сосны обыкновенной

Семена сосны обыкновенной (Pinus silvestris L.) - имеют вынужденный покой, легко прорастающие, поэтому специальной подготовки к посеву не требуют, но для повышения энергии прорастания и грунтовой всхожести проводим стратификацию. Для этого семена сосны обыкновенной высыпаем в мешочки из прочной ткани, заполненными семенами на 1/3 затем за 1-4 месяца до весеннего посева мешочки с семенами укладываем в снег так, чтобы слой семян был не более 2 см толщиной. Сверху насыпаем утрамбованный снег, а на него кладем опилки или солому. Перед посевом набухшие в снегу семена извлекаем и намачиваем в растворе микроэлементов. Для обработки семян используют сернокислые соли цинка в виде водных растворов с концентрацией - 0,02%. Раствор готовим в чистых эмалированных ведрах. Объем раствора берем в 3-4 раза больше объема семян. Необходимую дозу микроэлемента сначала растворяем в небольшом количестве теплой воды, а затем добавляем холод-

ную воду до нужного объема. Температуру раствора выдерживаем в интервале 5-18 С, намачивание производим на 12-18 ч. перед посевом. Пустые и неполнозернистые семена отбрасываем. Обработанные семена рассыпаем на фанеру или мешковину и подсушиваем в тени до состояния сыпучести семян.

Для улучшения прилипаемости фунгицидов и повышения их эффективности используем полусухое протравливание - обработка фунгицидами слегка увлажненных семян. Протравливание семян проводим за 1-2 дня до посева. Семена сосны обыкновенной высеем весной, в первой декаде мая, так как весенние посевы дают хорошие результаты. При весенних посевах нет опасности повреждения посевов грызунами и низкими температурами и менее опасны весенние заморозки, почва меньше уплотняется с

момента посева до появления всходов. Семена высеем в хорошо прогретую и влажную почву.

Всходы и сеянцы сосны обыкновенной в основном поражаются фузариоза и шютте, против которых чаще всего ведется борьба, путем опрыскивания коллоидной серой 2% суспензией (норма внесения 600л/га) с помощью дождевальной машины ДДН-70. Опрыскивание производим в конце октября. Сосна на зиму не сбрасывают хвою, поэтому осеннюю пересадку сеянцы переносят очень болезненно. По этой причине выкопку сенцев нужно проводить только ранней весной, выкопкой скобой НВС-1,2 в агрегате с ДТ-75.

А. ТАКЕЕВ,
инспектор лесного питомника
РГУ «Жонгар-Алатауский» ГНПП.

Побочное пользование

Побочное пользование — это использование недревесной продукции леса для питания и удовлетворения потребностей народного хозяйства.

К лесным побочным пользованиям относятся: мараловодство, размещение ульев и пчел, выращивание сельскохозяйственных культур, сенокосение и пастбища скота.

При предоставлении участков государственного лесного фонда для побочного пользования лесопользователям выписывается лесной билет на основании заявления лесопользователя и документов, удостоверяющих плату за лесопользование.

Побочные пользования на предоставленных участках государственного лесного фонда осуществляется в сроки, указанные в лесных билетах.

С начала 2024 года по КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» было выписано 50 лесных билета на побочное пользование — сенокосение и пастбища скота и 1 лесной билет на культурно-оздоровительные и спортивные цели. Услуга была оказана посредством Информационной системы «Государственная база данных «Е-лицензирование».

Для выписки лесного билета гражданам необходимо: подать заявление через портал www.elicense.kz согласно установленной формы, оплатить услугу согласно ставок платы за лесные пользования и предоставить квитанцию об оплате в учреждение, после чего будет выписан и выдан лесной билет.

Заявления на оказание услуги принимаются с понедельника по пятницу с 9:00 до 18:30, с перерывом на обед с 13:00 до 14:30.

Е. БАРЛЫКБАЕВ,
главный инженер
КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство».



Өзекті

ОРМАН ӨРТІ ҚАУІПТІ

Ормандағы өрт табиғат апаты десек те, оның себебі мен салдары көп жағдайда қауіпсіздікті сақтамағандықтан болатыны сөзсіз. Көп жағдайда өрттер адамдардың қарапайым өрт ережелерін сақтамағандықтарынан болуы мүмкін. Бұған тағы да орман өрттерінің шығу себебін қосуға болады. Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Жекелеген тұрғындардың немесе орман жұмысшыларының бұл мәселеге үнемі бейқамдық танытатыны өкінішті. Сондықтан, өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі - бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың сызбасы жасалады. Өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар, қыналар, ит бүлдіргендер, аршалар жатады. Орман өрттерінің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: төселе жанатын, шарпи жанатын және дауылды өрттер. Өрттің жану жолы әртүрлі деңгейде қарастырылады. Орман өрттерінің алдын алу шараларының ең маңыздысы — қолдан жасалған өртті азайту. Ормандағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады. Әйтпесе, орманның ішінде өрттің көзі жоқ. Рас, орманның жануы кейде найзағайдан да болады, бірақ өртті орманға негізінен адамдар әкеледі. Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан, оған жол бермеудің алғышарттарын қатаң сақтау қажет. Орман өрті жедел өтеді және тез таралады. Қалың ағаш ішіндегі өрт минутына 3-4 метр жылдамдықпен таралып, 10-14 сағатта үлкен аумақты шарпиды. Оның ішіне кіру де, өрт сөндіру техникаларын енгізу де — қиын шаруа. Кез келген апатты жағдайда тұрғындарды қорғау шаралары қаралады. Өртпен күресуге балаларды және жеткіншектерді, екіқабат әйелдерді және бала емізетін аналарды қатыстыруға тыйым салынады. Апат аймағында әкімшілік басқармасының ерекше заңдары әрекет етеді. Осы заңдар барлық күштерді және техниканы өртті сөндіруге қолдануға рұқсат етеді. Елді мекенге тақалған өртті тоқтата алмаған жағдайда мемлекеттік қызмет адамды, мүлікті және малды қалай қорғау керектігін, не істеу қажеттігін, ал қажетті жағдайда эвакуациялау туралы алдын ала хабарлайды.

Е. АБДУЛЛАЕВ,
Сарқан орман тұқымбағының
мемлекеттік инспекторы.

Берегите природу от пожара

С незапамятных времен лес играет огромную роль в жизни человека. Лес это государственное богатство и имущество, неоценимый дар природы. Роль леса в сохранении окружающей среды и оздоровление всей жизни на земле велика. Леса активно поглощают промышленные загрязнения, в частности пыль и углекислый газ. Лес - это источник древесины. Леса имеют водорегулирующее, почвозащитное, климатообразующее значение. Древесина является универсальным материалом, который находит самое широкое применение в различных отраслях хозяйства, в строительстве бумажной промышленности, в мебельном производстве. Лес часть культурно- исторической среды под воздействием которой формируется культура и обычаи целых народов, источник работы независимости материального благополучия значительной части населения, особенно тех кто живет в лесных деревянных поселках.

Для сохранения лесов и природных комплексов в Казахстане создаются национальные природные парки, которые большую роль играют в сохранении и производстве леса. Создаются лесные питомники, где выращивают стандартный посадочный материал для создания лесных культур на землях ГЛФ. Деревья хвойных и лиственных пород реализуются для озеленения городов и населенных пунктов.

Один из таких национальных парков РГУ "Жонгар -Алатауский" ГНПП, сотрудники которого, оберегают территорию от пожаров, потому что огонь —самый страшный враг леса. На своем пути он уничтожает все. В целях недопущения лесных пожаров, сотрудники национального парка проводят разъяснительные беседы с жителями округа, посетителями и туристами, проводят также и лекции с учащимися в школах, и даже выезжают в близлежащие села, потому что огонь очень быстро распространяется, если не загорелось на территории национального парка, то может быстро его настичь. Поджигая свои пастбища, для будущего сенокосения, не подумав о том, что огонь очень быстро охватывает все близлежащие территории и может достигнуть леса, где последствия необратимые. В лесу огонь остановить очень тяжело, сжигая на своем пути травинку за травинкой, достигая большие деревья. И этим все сказано....

На территории национального парка существуют туристские маршруты, которые оборудованы местами для отдыха и кострищами, в целях пожарной безопасности и недопущения пожара. Но современные туристы, пользуются примусами, для приготовления пищи, чтобы вообще не разжигать костры на лоне природы.

Государственные инспектора ежедневно патрулируют обходы, чтобы не допустить на территорию опасного врага, под названием пожар.

Берегите лес и помните, что только вместе, можно предотвратить и защитить родной край от лесных пожаров, соблюдая элементарные правила, отдыхая на лоне природы.

Р. БУРУНГАЗОВ,
директор Лепсинского филиала
РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

101 ескертеді


Үйдегі өрт қауіпсіздік ережелері

Есіңізде болсын, өртті сөндіруден гөрі оның алдын алу оңайырақ. Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі бұған қол жеткізу үшін күнделікті негізгі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау керектігін еске салады. Отпен жұмыс істегенде әрқашан сақ болыңыз. Жанғыш және жанғыш сұйықтықтардың жанында ашық отты қолданбаңыз, төсек-орындарда, шаруашылық сарайларда, қоймаларда және жанғыш материалдар сақталатын басқа жерлерде темекі шегуге болмайды.

Балалардың қолы жетпейтін сіріңке сақтайтын қауіпсіз орын табыңыз. Есіңізде болсын: ересектерге еліктейтін балалар көбінесе өрттің кінәлілері болып табыла-

ды және көбінесе өрттің құрбаны болады. Балаларды ересектердің қарауынсыз жалғыз қалдырмаңыз. Газ және электр тұрмыстық техникасы (үтік, теледидар, магнитофон және т.б.) тұрақты бақылауды және жақсы жағдайды қажет етеді. Арнайы отқа төзімді стендтерге электр үтіктері мен электр шөйнектерін қойыңыз. Өрттің алдын алу үшін оларды қосулы күйінде қараусыз қалдырмаңыз және балалардың оны пайдалануына жол бермеңіз.

Электр желілерін шамадан тыс жүктемелерден және қысқа тұйықталудан қорғау үшін тек зауытта жасалған сақтандырғыштарды пайдаланыңыз. Электрлік панельдерде қолдан жасалған



сақтандырғыштарды – «қателерді» пайдалану қауіпті. Баспалдақ алаңдарында, дәліздерде және шатырларда қойма бөлмелерін орналастырмаңыз. Кез келген заттарды, жиһазды немесе басқа жанғыш материалдарды баспалдақтардың астында немесе шатырларда сақтамаңыз. Мұздатылған су құбырларын немесе жы-

лыту жүйелерін жылыту үшін ашық отты пайдаланбаңыз. Осы мақсаттар үшін ыстық суды, буды немесе қыздырылған құмды пайдаланыңыз.

Е. ЖАПАРҒАЛИ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға анықтаушысы, азаматтық қорғау лейтенанты.

ЕГІН ЖИНАУ ЖӘНЕ ЖЕМ ДАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Ауыл шауашылық жерлерінде егін жинау және шөп басталуына байланысты, өртті болдырмау мақсатында:

- егін жинау басталмас бұрын, оған тартылған барлық тұлғалар өртке қарсы нұсқаулықты өту қажет;
- егін жинау агрегаттары мен автомобильдері алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, жарамды ұшқын сөндіргіштерімен және күрекпен жабдықталуы қажет;



- егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және темір жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақтар шабылуы жене жыртылуы қажет;

- егін жинауды астық алқаптарын алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуден бастау қажет;

- уақытша егін қостарын өсімдіктен тазартылған алаңшаларда және астық алқаптарынан арақашықтығы 100 метрге алшақ жерге орналастыру қажет. Дала қостары, астық қырманы алаңшаларының ені кемінде 4 метрге жыртылады.

Дала жағдайларында сақтау және мұнай өнімдерін толтыру құрап қалған шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған және ені кемінде 4 метр жолақ жыртылған немесе қырманнан, мая шөп пен сабаңдардан, құрылыстардан кемінде 50 метр ара қашықтықта жыртылған жерде арнайы бөлінген аудандарда жүзеге асырылады. Тәуліктің түнгі уақытында мұнай өнімдерін толтыруға тыйым салынады.

Әділет ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сауда объектілерінің өрт қауіпсіздігі



Қазіргі өмірді әдеттегі сауда нысандарынсыз – дүкендерсіз, сауда орталықтарынсыз елестету қиын. Жаппай баратын объектілер бола отырып, олар сауда үй-жайларына қойылатын өртке қарсы қауіпсіздіктің барлық талаптарына қатаң сәйкес келуі тиіс. Нормалар мен ережелерді сәл бұзу үлкен материалдық шығындарға және адам шығынына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, өз кезегінде сауда объектілерінің басшылары үшін өртке қарсы қауіпсіздіктің міндетті шаралары арасында мынадай негізгі іс-шараларды бөліп көрсету қажет:

Құрылыс және әрлеу жұмыстары кезінде тек отқа төзімді (жанбайтын) материалдарды пайдалану;

Автоматты өрт сөндіру жүйесін монтаждау;

Автоматты өрт дабылын монтаждау;

Ғимараттың қабаттылығына және сипаттамаларына байланысты шығу жолдары мен эвакуация жолдарының қажетті санының болуы;

Эвакуациялау жолдарының нормативтік құжаттарға сәйкестігі;

Эвакуациялау бойынша жаттығуларды тұрақты өткізу;

Өрт техникасының кедергісіз өтуін қамтамасыз ету;

Өрт қаупі бар қабырғалар мен төбелерді әрлеу үшін материалды қолдану.

Сауда орнының иесі өрт қауіпсіздігі мәселелерін шешу бірінші міндет екенін және барлық қабылданған шаралар, соның ішінде қауіпсіздік жүйелерін орнату өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес келуі керек екенін есте ұстауы керек.

М.САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Действия при возгорании автомобиля. Автомобиль – это самый настоящий склад легковоспламеняющихся материалов: бензин, масло, резина, краска, кожа или ткань, проводка и т.п. Автомобиль выгорает полностью за 4 - 6 минут. Поэтому оказавшись рядом с таким пожаром, как можно быстрее покиньте место происшествия на безопасное расстояние – 10–15 метров по радиусу, так как при возгорании автомобиля может последовать взрыв бензобака.

Пожарная безопасность автомобиля зависит от бдительности и ответственности его владельца, от соблюдения им правил и норм эксплуатации. Кроме того, немаловажным условием безопасности является наличие исправного огнетушителя в автомобиле.

К самым действенным огнетушителям относятся порошковые. Они заправляются специальным составом, который дает возможность тушить различные горючие вещества, а также электрическое оборудование,



ПОЖАР В АВТОМОБИЛЕ

находящееся под напряжением. Приобретать огнетушитель нужно лишь в специализированных магазинах, проверяя перед этим сертификаты пожарной безопасности и паспорт, в котором

должен быть прописан срок годности. Размещать огнетушитель лучше в салоне, в непосредственной близости от автовладельца. Не рекомендуется оставлять его в багажнике, так как во

время чрезвычайной ситуации доступ к нему может быть затруднен. • Быть внимательным к автомобилю. Возгоранию предшествуют появление дыма, запах горелой проводки, резины или бензиновые пары в салоне машины. • Не паниковать. Остановить автомобиль на съезде дороги подальше от людей, других автомобилей, зданий и построек. Выключить мотор, высадить пассажиров, поставить на ручной тормоз, забрать документы из машины. Помните, что нельзя находиться внутри салона более чем 90 секунд. • Не стоит увеличивать скорость движения. Если в процессе движения случилось возгорание автомобиля, не стоит увеличивать скорость движения, поскольку это только еще больше воспламенит транспортное средство.

А. ДҮЙСЕНБАЙ,
старший инженер ОЧС Сарканского района, старший лейтенант гражданской защиты.

Ойталқы

Үште пікір өлгенше

Жасыл желек жамылған Сарқан өңіріміз кез келген жанды көркем арбайды. Келген қонақтар тамсанып, таңданып қайтады. Бірақ кейде жасыл желектің ар жағына үңіліп, көңілің құлазиды. Жақында тазалық шарасына қатыстық. Өзен жағалауын тазалауға шыққан жандар күл-қоқыстың көптігіне таңданып жатты. Әп сәтте алақандай жерден трактордың тіркемесі толып шыға келді.

Жиналағандар түрлі пікір айта бастады. Бірі қасымыздағы бағанаға бейнебақылау жүйесін қою керек. Осылайша бей-берекет қоқыс тастайтындарды ұстап алып, айыппұл салып, аты-жөнін жұртшылыққа жариялау керек десіп жатты. Енді біреулер ондай тәсілмен қанша жанға шектеу қоясың, бәрі адамның тәрбиесіне, санасына байланысты. Жас күнінен әкешесінен дұрыс тәрбие алған, жақсы үлгі көрген жан мұндайға бармайды. Сондықтан баланы жастан демекші, балдырғанды кішкентайынан жақсы істерге баулу керек, қоршаған ортаға қамқорлыққа үйрету қажет дегенді айтты. Шыны бөтелкелерді, пластик бұйымдарды қабылдау орындары болса, олар екінші рет өңдеуге жіберілсе, қоқыстар біршама азайып қалар еді деген ойлар да айтылды. Іштей ойланып қалдық. Әр пікірдің жаны бар. Тазалық дегеннен шығады. Үйдің жанынан өтетін арықтан күл-қоқыстың түр - түрі ағып жатады. Кесірінен қоқыстар өткелдерде кептеліп қалып, арық суы көшеге жайылып жататын жайттар жиі кездеседі. Арнайы белгіленген орындарға апаруға ерінетін, немесе шығынсыз жандардың тірлігін түсінбейсің кейде. «Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде» деп толғанған Абай хәкімнің күйін кешесің мұндайда.

Партия ЖЕҢІСХАН.



Өен туған күн, мерекең мен!

Сарқан қаласының тұрғыны, аяулы анамыз, әдемі әжеміз **Шаханова Майра Дауылбайқызын** 27-ші шілде күнгі туған күнімен әрі зейнет жасына жетуімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұзақжылдар бір мекемеде - аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде табан аудармай жемісті еңбек етіп, қалтқысыз қызметімен әріптестерінің зор құрметіне бөленген жанашырымызға ең жылы сөздерімізді, ақ тілектерімізді арнаймыз.

Алпыстың толсаңдағы біреуіне,
Балаған анамсың ғой жүрегіме.
Келіңсің зейнет жасқа ақ мамашым,
Сыйлы боп әрқашанда жүр еліңе.
Өмірдің қызығына бөлене бер,
Дүние ұрпағыңмен дөңгеленер.
Құттықтап туған күнмен Әсем қызың,
Айару, Амангелді немерелер.
Жаз айы туған күнің жаймашуақ,
Жүрегім қуаныштан тайдай тулап.
Әулеттің туған-туыс бетке ұстары,
Құдайым бір басыңа берсін қуат.

Ізгі тілекпен: қызы Әсем, немерелері Айару, Амангелді.



Кәкімжан Қазыбаев - 95

Азамат еді еңселі

Қазақ журналистикасында өзіндік із қалдырған белгілі публицист, қоғам қайраткері, жазушы, журналист Кәкімжан Қазыбаевтың биыл дүниеге келгеніне 95 жыл. Кәкімжан Қазыбаев 1929 жылдың 10 мамырында Алматы облысы, Сарқан ауданындағы Ағарту совхозында, қазіргі Кәкімжан Қазыбай ауылында дүниеге келген. Жансүгір ауданының Ақсу орта мектебін бітірген. Еңбек жолын Ұлы Отан соғысы жылдарында колхозда есепші болудан бастаған. 1952 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетін үздік аяқтаған. 1950-1970 жылдардағы қазақ журналистикасындағы шоқтығы биік, ұлттық баспасөздің өркендеп, дамуына ерекше үлес қосқан тұлғаның бірегейі Кәкімжан

Қазыбаев - Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Әр жылдарда республикалық «Лениншіл жас» газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшы, Алматы облыстық «Жетісу» газетінде редактордың орынбасары болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің нұсқаушысы, хатшы, Қазақстан Компартиясының XIII, XIV, XV съезінің делегаты, тексеру комитетінің мүшесі болған. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, мақтау грамоталарымен марапатталды. Оның қаламынан көптеген мақалалар мен очерктер, көркем әдеби және публицистикалық туындылар туып, жарық көрді.

Шығармалары отаншылдық, еңбек пен ерлік, халықтар достығы



тақырыбына арналды. «Кернеген кек», «Құпия», «Ызғар», «Сұрапыл», «Ақиқатқа ар серік», «Аманат», «Қышыма» атты романдары мен повестері оқырман қауым мен сын-

шылардан жоғары бағасын алған. Шығармалары «Кернеген кек» (1966) повесі, «Ызғар» (1972, орыс тілінде-1976), «Аманат» (1979, орыс тілінде-1982) романдары. Таңдамалы шығармалары 2003 жылы жарық көрген. Штеменконың «Бас штаб соғыс жылдарында» атты мемуарлық кітабын, Б.Момышұлының «Офицер күнделігін» қазақ тіліне аударған. Қаламгер жайында «Көзден кетіп, көңілде қалған», «Азамат еді еңселі» т.б. естелік кітаптар шыққан.

Жетісу облысы Сарқан ауданы Бақалы ауылындағы орта мектепке «Кәкімжан Қазыбаев» есімі берілген.

Жазушы 1989 жылы 21 қазанда 60 жасында Астана қаласында дүниеден өтті. Артында 2 ұлы мен 1 қызы қалды.

Р.ОРАЗАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» Сарқан филиалының ақпараттық технологиялар архивісі.

Ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу туралы сөз қозғалды

Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз - мәслихатында «Ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу» жобасы туралы сөз қозғалды.

Бұл жоба негізінен «Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету және Қазақстан халқының дәстүрлерін дәріптеу жөніндегі шаралар кешені» аясында па-

триотизм сезімін ояту, ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи мұраны сақтау және ұрпақтар сабақтастығын ұлттық дәстүрлер, мәдениет, ана тілі мен әдет-ғұрыптар рухын сақтауға бағытталған.

Атап айтсақ, байқау бойынша «Дана ене – Үздік келін», «Асқар тау әке – Зерек бала» номинациялары бойынша аудандық және қалалық конкурстар ұйымдастырылады.

«Жоба шеңберінде тақырыпқа байланысты түрлі іс-

шаралар қолға алынады. Мәселен, «Дана ене – Үздік келін», «Асқар тау әке – Зерек бала» бағыттары бойынша семинар-тренингтер, шеберлік сыныптары аудандық және қалалық, облыстық конкурстар өткізіліп, қаржылай сыйлықтар табыс етілетін болады. Мұндағы мақсат – шараға қатысушы әрбір азаматтың ұлттық құндылықты дәріптей отырып, рухани көшбасшылық қасиеттеріне ықпал ету», - дейді ұйымдастырушылар.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Продаются доски от 3-х метров до 6. Есть обрезные и необрезные. А также продаются бочки пластмассовые.

Дом из 4-х комнат с мебелью. Автомобиль Ниссан джип 2002 г.в. в отличном состоянии.

Обращаться по адресу: Панфилова №5, дом. тел. 2-70-84, сот. 8705 3584573.

SARQAN

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН ЖОМАРТ МАҚАТҰЛЫ
Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН ПАРТИЯ

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3012
Осы шығарылымның таралымы: 3012
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.